

«Кселл» Акционерлік қоғамының

**Бірініші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымының
проспектісі**

30 000 000 000

(отыз миллиард) теңге

«Кселл» АҚ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеу инвесторларға проспекте сипатталған облигацияларға қатысты қандай да болмасын ұсыныстар беруді білдірмейді және осы құжатта көрсетілген ақпараттың дұрыстығын куәландырмайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда көрсетілген ақпараттың дұрыстығын және инвесторларды эмитентке және оның орналастырған облигацияларына қатысты жаңылыстырмайтынын растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңдарына сәйкес анықталған қаржылық есептіліктің, корпоративтік уақиғалар туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің және аудиторлық есептердің, акционерлік қоғамның аффилирленген тұлғаларының тізілімдерінің, сонымен қатар атқарушы органның мүшелеріне жыл нәтижелері бойынша төленетін сыйақысының жылдық мөлшері туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 11 наурызда № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізілімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде депозитарийдің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Эмитент «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңның 102 бабының 2 тармағында қамтылған өзгерістерді Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңдарына сәйкес белгіленген қаржылық есептілікті депозитарийдің интернет-ресурсында орналастыру арқылы және ақпарат пайда болған күннен бастап, 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 11 наурызда № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізілімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіпте, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен бағалы қағаздар ұстаушылардың назарына жеткізеді.

1. Облигациялардың осы шығарылымы «Жселл» Акционерлік қоғамының (ары қарай - «Эмитент») облигациялық бағдарлама проспектіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәлімет:

1) Облигациялық бағдарлама проспектінің тіркеу күні мен нөмірі	
2) Оның шегінде облигациялар шығарылатын облигациялық бағдарламаның көлемі	50 000 000 000 (елу миллиард) теңге
3) Облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялар шығарылымының реттік нөмірі	1 (бірінші)
4) Облигациялық бағдарламаның шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәлімет	Осы облигациялық бағдарламаның шегінде эмитент бұрын облигациялар шығармаған

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәлімет:

1) Облигациялардың түрі	Қамтамасыз етуі жоқ купондық облигациялар («Облигациялар»)
2) Бір облигацияның атаулы құны	1 000 (бір мың) теңге
3) Облигациялардың саны	30 000 000 (отыз миллион) дана
4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге
5) Облигациялар бойынша сыйақы	
Облигациялар бойынша сыйақының мөлшерлемесі	Сыйақы мөлшерлемесі облигациялардың айналу мерзімінің бүкіл ұзақтығына тиянақтылған болып табылады, және облигациялардың атаулы құнының 11,5% (он бір бүтін оннан бес пайыз – он үш пайыз) құрайды.
Сыйақы есептеуді бастайтын күні	Облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигациялар айналымы басталған күннен бастап жүргізіледі
Облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі және (немесе) төлем жүргізу күні	Купондық сыйақы жылына екі рет, тиісінше, Облигациялар айналымы басталған күннен Облигацияларды өтеу мерзімі аяқталғанша, жыл сайын, әрбір алты айда төленеді.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі	Купондық сыйақы төлеу ақшаны сыйақы төленетін мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде Облигациялар ұстаушылардың ағымдағы шоттарына теңгемен аудару арқылы жүргізіледі. Купондық сыйақы алуға төлем жүргізілетін мерзімнің («Тиянақтау Күні») соңғы күнінің басында облигациялар ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғалар құқылы. Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болса, купондық сыйақы облигациялар ұстаушылар тізілімінде көрсетілген реттемелер бойынша Облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына теңгемен қаражат аудару арқылы жүргізіледі. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу барысында Эмитент тиісті купондық мерзімнің аяқталуына дейін 3 (үш) күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигациялар ұстаушының тиісті жазбаша өтінішін алған жағдайда, теңгені басқа валютаға айырбастауға (тек қана Еуро немесе АҚШ доллары) жол беріледі. Купондық сыйақыны Еуромен немесе АҚШ долларымен төлеу нақты төлем жүргізу күнінің алдындағы күніне «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ –ғы күндізгі сауда-саттық сессиясының нәтижелері бойынша қалыптасқан орташа сараланған бағам бойынша жүргізіледі. Теңге түріндегі соманы шетелдік валютаға айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигациялар ұстаушының есебінен жүргізіледі.
Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт мерзімі	Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу уақыт базасын 30/360 (бір айда отыз күн/ бір жылда үш жүз алпыс күн) есептеу жолымен жүргізіледі.
6) Атаулы құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы төлем валютасы	Қазақстандық теңге
7) Облигациялар орналастыруды бастау күні мен аяқтау күні	Облигацияларды орналастырудың бастау күні Облигациялардың айналысы басталу күні, Облигацияларды орналастыруды аяқтау күні Облигациялардың айналыс кезеңнің соңғы күні. Облигациялар ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигациялардың айналу мерзімі бойы «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес орналастырылады. Эмитент инвесторлардың шектелмеген шеңберінде орналастыру мерзімі мен шарттары туралы Эмитенттің (www.kcell.kz) сайтында және «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) сайты мен Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) сайтында жариялау арқылы хабарлайды.
8) Облигациялар айналысының басталу күні және облигациялардың айналыс мерзімі	Облигацияларды айналымын бастау күні «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ сауда жүйесінде алғашқы өткен сауда-саттықты өткізу күні болып табылады. Эмитент алғашқы өткен сауда-саттықтың нәтижелері бойынша анықталған Облигациялар айналымының күні туралы ақпаратты Эмитенттің (www.kcell.kz) корпоративтік сайтында және «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) интернет ресурсында орналастырады

	Облигациялар айналысының мерзімі айналым басталған күннен бастап, 3 (үш) жыл
9) Облигациялар айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)	Облигацияларды ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта айналдыру қарастырылған
10) Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі	Облигациялар «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ сауда жүйесінде сауда-саттық жүргізу жолымен орналастырылады. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі және есеп айырысу тәсілдері «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
11) Облигацияларды өтеу тәртібі	
Облигацияларды өтеу күні	Облигациялар айналымы басталған күннен бастап үш жыл өткен соң, олардың айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде.
Өтеу шарттары мен тәсілі	Облигациялар бір мезгілде соңғы купондық сыйақыны Облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде облигациялар ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген реттемелер бойынша Облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына қаражатты (теңгемен) аудару арқылы өтеледі. Атаулы құны мен облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақының сомасы оларды алуға құқылы және «Тиянақтау Күніне» облигациялар ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғаларға төленеді. Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болса, купондық сыйақы мен атаулы құны облигациялар ұстаушылар тізілімінде көрсетілген реттемелер бойынша Облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына теңгемен қаражат аудару арқылы жүргізіледі. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу барысында Эмитент тиісті купондық мерзімнің аяқталуына дейін 3 (үш) күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигациялар ұстаушының тиісті жазбаша өтінішін алған жағдайда, теңгені басқа валютаға айырбастауға (тек қана Еуро немесе АҚШ доллары) жол беріледі. Купондық сыйақыны Еуромен немесе АҚШ долларымен төлеу нақты төлем жүргізу күнінің алдындағы күніне «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ —ғы күндізгі сауда-саттық сессиясының нәтижелері бойынша қалыптасқан орташа сараланған бағам бойынша жүргізіледі. Теңге түріндегі соманы шетелдік валютаға айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигациялар ұстаушының есебінен жүргізіледі.
Облигацияларды өтеу орны	050013, «Кселл» АҚ кеңсесі, Тимирязев көшесі 2г, Алматы, Қазақстан Республикасы

12) Осы құқықты сату тәртібін, талаптары мен мерзімдерін көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда), егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, онда осы құқықты сату тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі	Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша облигацияларды мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуін төлеп алуға құқылы. Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алу туралы шешімді ағымдағы купондық мерзім үшін сыйақы төлеу күнінен кем дегенде 60(алпыс) күн бұрын қабылдайды. Мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алу ағымдағы мерзім үшін купондық сыйақыны төлеумен бір мезгілде сыйақы төленетін мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап, 3 (үш) күн ішінде облигациялар ұстаушыларды (мерзімінен бұрын өтеудің шарттарын, мерзімдерін және тәртібін көрсетумен) облигациялар ұстаушылардың өкілдерін хабардар ету арқылы, сонымен қатар, а) Эмитенттің (www.kcell.kz) сайты; б) «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) сайты; в) Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайты сияқты, жариялы қолжетімді интернет ресурстарда ақпарат орналастыру арқылы хабарлайды. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алу облигацияның атаулы құнын, есептелген купондық сыйақыны, сонымен қатар, облигацияның атаулы құны сомасының мерзімінен бұрын өтегені үшін 0,5% (ноль бүтін оннан бес пайыз) мөлшерлемесі бойынша есептелген комиссиясы төлемін өтеу жолымен жүзеге асырылады. Жоғарыда көрсетілген, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алу төлемдері оларды алуға құқылы және «Тиянақтау Күніне» облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғаларға төленеді. Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болса, сыйақы, атаулы құны және мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алғаны үшін комиссия облигациялар ұстаушылар тізілімінде көрсетілген реттемелер бойынша Облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына теңгемен қаражат аудару арқылы жүргізіледі. Сыйақыны, атаулы құнды және мерзімінен бұрын өтегені үшін комиссияны төлеу барысында Эмитент тиісті купондық мерзімнің аяқталуына дейін 3 (үш) күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигациялар ұстаушының тиісті жазбаша өтінішін алған жағдайда, теңгені басқа валютаға айырбастауға (тек қана Еуро немесе АҚШ доллары) жол беріледі. Купондық сыйақыны, атаулы құнын және мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алғаны үшін комиссияны Еуромен немесе АҚШ долларымен төлеу нақты төлем жүргізу күнінің алдындағы күніне «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-ғы күндізгі сауда-саттық сессиясының нәтижелері бойынша қалыптасқан орташа сараланған бағам бойынша жүргізіледі. Теңге түріндегі соманы шетелдік валютаға айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигациялар ұстаушының есебінен жүргізіледі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында орналастырылған Облигацияларды осы облигациялардың бүкіл айналу мерзімі бойынша өтеуін төлеп сатып алуға құқылы.
--	---

	Облигацияларды Эмитенттің өкілетті органы өтеуін төлеп сатып алу туралы шешім (тәртібі, мерзімдері және шарттары қамтылған) қабылданған жағдайда, өтеуін төлеп алу осындай шешім қабылданған күннен бастап, 30 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Эмитент қабылданған шешім туралы Облигациялар ұстаушыларды облигациялар ұстаушылардың өкілдерін хабардар ету арқылы, сонымен қатар, шешім қабылданған күннен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде а) Эмитенттің (www.kcell.kz) сайты; б) «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) сайты; в) Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайты сияқты, жариялы қолжетімді интернет ресурстарда ақпарат орналастыру арқылы хабарлайды. Өтеуін төлеп алынған Облигациялар өтелген болып есептелмейді. Өтеуін төлеп алу облигациялар ұстаушылардың құқықтарын шектемеуге және нұқсан келтірмеуге тиіс. Облигациялардың өтеуі төленіп алудың ақырғы бағасы i. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ —да мәміле жасалған күнгі бағалы қағаздардың нарықтық бағасына негізделіп қалыптасады; ii. Ұйымдастырылмаған нарықта мәміле жасайтын тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.
13) Облигациялар бойынша қамтамасыз ету:	Осы шығарылымдағы облигациялар қамтамасыз етілген болып табылмайды және кепілдікпен өтелмеген.

4. Төлемі эмитент бұрын шығарған мерзімі аяқталған облигациялар бойынша сұраныс құқықтарымен төленетін облигациялар шығарған кезде, қосымша сол облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен мөлшері, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, жинақталған және төленбеген сыйақылар көрсетіледі.

Бап қолданылмайды

5. Айырбасталатын облигациялар шығару кезінде қосымша тиісті мәліметтер көрсетіледі

1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар	Осы шағарылым облигациялары айырбасталмайды
облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап үш ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)	Бұл тармақ қолданылмайды

6. Облигациялар ұстаушылардың өкілі туралы мәлімет	
1) Облигациялар ұстаушылардың өкілінің толық және қысқартылған атауы	Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы «Halyk Finance» Акционерлік Қоғамы «Halyk Finance» АҚ
2) Орналасқан жері, облигациялар ұстаушылардың өкілінің байланыс телефондары	Қазақстан Республикасы, А05А1В9, Алматы қ-сы, Абай даңғылы, 109 «В», 5 қабат Тел. + 7 (727) 357 31 77
3) Эмитенттің Облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шартының күні мен нөмірі	7 қараша 2017 жылғы нөмірсіз шарт

7. Төлем агенті туралы мәлімет (бар болса):	
Айналым мерзімі аяқталған соң купондық сыйақылар мен облигациялардың атаулы құнын төлеуді Эмитент төлем агентінің қатысуысыз, өз алдына жүзеге асырады.	
1) төлем агентінің толық және қысқаша атауы	Бұл тармақ қолданылмайды
2) төлем агентінің орналасқан жері, байланыс телефондары	Бұл тармақ қолданылмайды
3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шартының күні мен нөмірі	Бұл тармақ қолданылмайды

8. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін ұйым жөніндегі мәлімет	
1) Облигациялардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқаша атауы	«Tengri Capital MB» Акционерлік Қоғамы «Tengri Capital MB» АҚ
2) Эмитент облигацияларының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның	Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Әл-Фараби к-сі 17, блок 4Б, кеңсе 705 Тел. +7 (727) 311-0550

орналасқан жері, байланыс телефондары	
3) Эмитенттің оның облигацияларының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғамен жасасқан шартының күні мен нөмірі	8 қыркүйек 2017 жылғы нөмірсіз шарт

9. Облигациялар ұстаушыға облигациямен берілетін құқықтар	
	Облигациялар ұстаушы құқылы: ▪ Облигацияның атаулы құнын осы Облигациялар шығару проспектіңде қарастырылған тәртіппен және мерзімдерде алуға; ▪ облигациялар бойынша купондық сыйақыны осы Облигациялар шығару проспектіңде қарастырылған тәртіппен және мерзімдерде алуға; ▪ өз меншігіндегі Облигацияларды еркін сатуға және басқа да жолдармен иелігінен шығаруға; ▪ Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ талаптарымен қарастырылған ақпарат алуға; ▪ Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жағдайларда және тәртіппен, Облигациялар иеленуден туындайын басқа да құқықтар; ▪ Облигациялар ұстаушы осы Облигациялар шығарылымы проспектінің 10 тармағының 2 тармақшасында, 11 тармағында және төменде көрсетілген жағдайларда Эмитент облигациялардың өтеуін төлеп алуға. Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4 бабына сәйкес, Эмитент келесідей жағдайларда орналастырылған облигацияларды өтеуін төлеп алуға тиіс: i. Эмитенттің органы Облигациялар делистингі туралы шешім қабылдауы; ii. арнайы (листингілік) талаптарды қор биржасына тізілімі уәкілетті органның құқықтық актімен және «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен белгіленген ақпарат беру бөлігінде орындамауы себебінен, Қор биржасы тарапынан Эмитенттің Облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдануы; iii. Эмитенттің облигация ұстаушылардың бұрынғы өкілімен жасалған шартты бұзған немесе тоқтатқан сәттен бастап, 30 (отыз) күнтізбелік күннен асқанша, облигациялар ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспауы. Жоғарыда аталған жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі орын алған жағдайда, Эмитент орналастырылған облигацияларды қай шама ең

	жоғары болатынына қарай, жиналған сыйақыны ескерумен, немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, өтеуді төлеп алуға міндетті. Жоғарыда аталған жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі орын алған жағдайда, Эмитент осы жағдайлар орын алған күннен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың өкіліне хабар беру арқылы және Эмитенттің (www.kcell.kz) ресми сайтында және/немесе «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми сайтында және Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында тиісті хабардандыру жариялау арқылы Облигациялар ұстаушыларды хабардар етуге тиіс. Хабарландыруда аталған жағдайлар пайда болу себептері мен Эмитентке орналастырылған облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы талаптар қою рәсімдері жөнінде егжей-тегжейлі ақпарат қамтылу керек. Облигациялар ұстаушы жоғарыда аталған жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі орын алған күннен бастап, 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде иелігіндегі Облигацияларды нақты өтеуін төлеп сатып алу туралы өтініш беруге құқылы. Эмитент ұстаушының өтінішін осындай өтініш алған күннен бастап, 20 (жиырма) күнтізбелік күнге дейін қарауға құқылы. Эмитент өкілетті орган облигацияларды өтеуін төлеп сатып алуы туралы шешім (өтеуін төлеп алудың тәртібі, мерзімдері және шарттары қамтылған) қабылдаған жағдайда, осындай шешім шығарылған күннен бастап, 60(алпыс) күн ішінде өтеуін төлеп алу жүзеге асырылады. Эмитент Облигациялар ұстаушыларды осындай шешім қабылданғаны туралы шешім қабылданған күннен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың өкіліне хабар беру арқылы және а) Эмитенттің (www.kcell.kz) сайты; б) «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) сайты; в) Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайты сияқты, жариялы қолжетімді интернет ресурстарда ақпарат орналастыру арқылы хабардар етуге тиіс. Облигацияларды өтеуін төлеп алу тек қана Облигациялар ұстаушылардың берген өтініштеріне сүйене отырып жүзеге асырылады. Өтініш бермеген Облигациялар ұстаушылар иелігіндегі облигацияларды облигациялардың айналу мерзімі аяқталған соң өтеуге құқылы. Эмитент, Облигациялар ұстаушылардың құқықтарын сақтау мақсатында, жоғарыда аталған жағдайларға жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қолдану керек. Қазақстан Республикасының 02 шілде 2003 жылғы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 2 бөлігінің 15 бабына сәйкес, осы проспектпен белгіленген, облигациялар айналымы мерзімінің бүкіл ұзақтығына Эмитент келесі шарттарды сақтауға міндеттенеді: 1) Эмитенттің активтерінің құрамына жататын мүлікті иеліктен шығару күніндегі активтер құнының жиырма бес пайызынан асатын сомаға иеліктен шығармауға; 2) Облигациялардың осы шығарылымына байланысы жоқ міндеттемелерді облигациялар шығарылымын тіркеу күніне Эмитенттің активтері құнының он пайызынан асып кететін сомаға орындамауға жол бермеуге;
--	--

	3) Эмитенттің құрылтай құжаттарына Эмитенттің қызметінің негізгі түрлеріне түбегейлі өзгерістер енгізуге келтіретін өзгерістер енгізбеуге; 4) Ұйымдастырушылы-құқықтық нысанын өзгертпеуге. Жоғарыда аталған шектеулердің бірі немесе бірнешеуі орындалмаған жағдайда, Эмитент бұзушылық орын алған күннен бастап, 3(үш) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың өкіліне хабар беру арқылы және Эмитенттің (www.kcell.kz) ресми сайтында және/немесе «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми сайтында және Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында тиісті хабардандыру жариялау арқылы Облигациялар ұстаушыларды хабардар етуге тиіс. Хабарландыруда бұзушылық пайда болу себептері мен Эмитентке орналастырылған облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы талаптар кою рәсімдері жөнінде егжей-тегжейлі ақпарат қамтылу керек. Облигациялар ұстаушы жоғарыда аталған ковенанттардың бірі немесе бірнешеуі бұзылған күннен бастап, 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде иелігіндегі облигацияларды нақты өтеуін төлеп сатып алу күніне облигациялардың жиналған өсімпұлын ескерген атаулы құнына сәйкес келетін бағамен өтеуін төлеп сатып алу туралы өтініш беруге құқылы. Эмитент ұстаушының өтінішін осындай өтініш алған күннен бастап, 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде қарап, облигацияларды өтеуін төлеп сатып алуы туралы шешім қабылдайды. Эмитент өкілетті орган шешім (өтеуін төлеп алудың тәртібі, мерзімдері және шарттары қамтылған) қабылдағаннан кейін, осындай шешім шығарылған күннен бастап, 60(алпыс) күн ішінде өтеуін төлеп алу жүзеге асырылады. Эмитент Облигациялар ұстаушыларды осындай шешім қабылданғаны туралы шешім қабылданған күннен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың өкіліне хабар беру арқылы және а) Эмитенттің (www.kcell.kz) сайты; б) «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) сайты; в) Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайты сияқты, жариялы қолжетімді интернет ресурстарда ақпарат орналастыру арқылы хабардар етуге тиіс. Облигацияларды өтеуін төлеп алу тек қана Облигациялар ұстаушылардың берген өтініштеріне сүйене отырып жүзеге асырылады. Өтініш бермеген Облигациялар ұстаушылар иелігіндегі облигацияларды облигациялардың айналу мерзімі аяқталған соң өтеуге құқылы. Эмитент, Облигациялар ұстаушылардың құқықтарын сақтау мақсатында, барлық белгіленген шектеулерге сәйкес болу үшін барлық қажетті шараларды қолдану керек. Облигациялар ұстаушылардың Эмитенттен басқа мүліктік балама немесе басқа да мүліктік құқықтар алу құқығы қарастырылмаған.
--	--

10. Олар орын алған жағдайда, эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін болатын уақиғалар туралы мәлімет:	
1) басталған жағдайда эмитенттің	Дефолт – Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемесін орындамауы. Олар орын алған жағдайда, Облигациялар бойынша

облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;	дефолт жариялануы мүмкін болатын уақиғалар «Дефолт уақиғалары» ары қарай Дефолт уақиғалары болып табылады Дефолт уақиғасы деп Облигациялар шығару проспектіде сыйақы және/немесе атаулы құнын төлеу мерзімдерінің аяқталу күні болып белгіленген күннен кейінгі күннен бастап, сыйақы және/немесе атаулы құнын төлемеу немесе ішінара төлемеу танылады. Эмитент сыйақыларды және/немесе облигациялардың атаулы құнын төлеуді мүмкін емес ететін, Облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарының дұрыс емес немесе толық емес реттемелерін алуы, немесе Тіркеушінің Эмитентке облигациялар ұстаушылардың тізілімін заңдармен және онымен жасалған шартпен белгіленген мерзімдерде бермеуінің нәтижесінде болған, Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигациялардың атаулы құнын Облигациялар шығару проспектіде белгіленген төлеу мерзімдерінде төлемеуі немесе толық төлемеуі дефолт уақиғасы болып танылмайды. Эмитент бой бермейтін күш жағдайларының салдарынан өзінің осы Проспект бойынша міндеттерін ішінара немесе толықтай орындамауы үшін жауапкершіліктен босатылады. Бой бермейтін күш жағдайлары деп, олардың пайда болуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайлар (дүлей апаттар, әскери әрекеттер және т.б.) танылады. Осындай жағдайлар орын алған жағдайда, төлемдер осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет еткен уақытқа мөлшерлес мерзімге шегеріледі.
2) Міндеттемелердің құрылымын қайта қарауды қоса алағанда, облигациялар бойынша сыйақы төлеу туралы міндеттемелерін орындамау немесе тиісті түрде орындамау кезінде облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімін қосқанда, облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары.	I. Облигациялар бойынша «Дефолт уақиғалары» орын алған жағдайда, Эмитент Дефолт уақиғасына келтірген себептерді жою үшін барлық күшін салуға міндеттенеді. II. Осы проспектімен белгіленген міндеттемелер бойынша дефолт орын алуы болжалған жағдайда, Эмитент өз бетінше Облигациялар ұстаушыларды міндеттемелерді орындаудың проспектімен белгіленген күннен кем дегенде 3(үш) жұмыс күні бұрын Облигациялар бойынша міндеттемелер орындалмайтыны туралы Облигациялар ұстаушыларды өз бетінше, Эмитенттің (www.kcell.kz) корпоративтік сайтында; «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) интернет ресурсында; Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында келесідей мәліметтер қамтылған хабарландыру орналастыру арқылы хабардар етуге міндеттеледі: ▪ Дефолт факты туралы ақпарат; ▪ Эмитенттің дефолт орын алған күнге орындалмаған міндеттемелерінің көлемі; ▪ Міндеттемелерін орындамау себептері; ▪ Облигациялар ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша қолдана алатын әрекеттері, Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса; ▪ Эмитенттің өзінің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда жасаған шаралары; ▪ Облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі берешекті төлеу міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде

	орындамаған жағдайда Облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері, оның ішінде міндеттемелердің құрамын қайта қарау тәртібі мен шарттары; ▪ Эмитенттің шешімі бойынша, басқа да мәліметтер. III. Дефолт уақиғалары орын алған жағдайда, Эмитенттің тиісті органы барлық Облигациялар ұстаушылардың құқығын қамтамасыз ету мақсатында, Дефолт уақиғасына келтірген себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітеді (ол әкімшілік, құқықтық, ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да іс-шаралар мен рәсімдердің кешенін меңзейді). Дефолт уақиғасы орын алған жағдайда, Эмитент Облигациялар ұстаушылардың пайдасына, орындалмаған міндеттемелер сомасымен қатар, әрбір кешіктірілген күнге қаржылық міндеттемені орындау күніне (яғни, төлем жүргізілетін мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күнге) әрекетті болып табылатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып есептелетін, өсімпұлды есептеп, төлеуге міндетті. Дефолт уақиғасы орын алған жағдайда, кез келген облигациялар ұстаушы Дефолт уақиғасы орын алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде меншігіндегі облигацияларды/ облигациялар бойынша талап ету құқығын атаулы құнына қоса жиналған купондық сыйақы мен атаулы құнын және/немесе купондық сыйақы төлеу бойынша орын алған әрбір кешіктірілген күнге өсімпұлды қосқандағы бағамен қаржылық міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне (яғни, төлем жүргізілетін мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күнге) әрекетті болып табылатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып есептелетін құнына сәйкес келетін бағамен өтеуін төлеп сатып алу туралы өтініш беруге құқылы. Осындай өтініштің бірін алған соң Эмитент сатып алу күнін тағайындайды, бұл күн Облигациялар ұстаушының өтінішін/ облигациялар бойынша талап ету құқықтарын алған күннен бастап, 80 (сексен) күннен кеш болмау керек, және шешім қабылданған күннен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың өкіліне хабар беру арқылы және а) Эмитенттің (www.kcell.kz) сайты; б) «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) сайты; в) Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайты сияқты, жариялы қолжетімді интернет ресурстарда ақпарат орналастыру арқылы хабарлайды. Купондық сыйақыны төлемеген немесе ішінара төлемеген жағдайда, облигацияларды өтеуін төлеп алу тек қана Облигациялар ұстаушылардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Өтініш бермеген Облигациялар ұстаушылар қолдарында бар облигацияларды облигациялардың айналым мерзімі аяқталған соң өтеуге құқылы. Басқа заңды тұлғаға аталған ақпаратты ашуды тапсыру қарастырылмаған.
3) Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің	Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат, оның ішінде ағымдағы қызметі, облигациялар ұстаушылардың мүдделеріне елеулі тиістілігі бар уақиғалар туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарымен, Эмитенттің корпоративтік құжаттарымен, «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен

көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс- әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібі туралы мәліметтер қамтылатын дефолт фактілері туралы ақпаратты жіберу тәртібі, мерзімі мен тәсілдері;	қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде а) Эмитенттің (www.kcell.kz) корпоративтік сайтында, «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) интернет ресурсында, Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында жариялы қолжетімді интернет ресурстарда орналастырылады.
4) Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғалармен шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі (осындай тұлғалар болса).	Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе көмекқаржылық жауапкершілік көтеретін тұлғалар жоқ.

11. Қазақстан Республикасының 02 шілде 2003 жылғы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңында ескерілмеген және Эмитент қабылдаған шектеулер (ковенанттар) (бұл облигациялар шығару кезінде эмитент органының шешімімен ескерілген болса)	1. Эмитент пен «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдері бойынша бұзушылықтарға жол бермеуге; 2. Аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзу аудиторлық компанияның әрекеті салдарынан орын алған жағдайларды есепке алмағанда, Эмитент пен «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартқа сәйкес белгіленген жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептер ұсыну мерзімдері бойынша бұзушылықтарға жол бермеуге; 3. Эмитент таза қаржылық борыш көлемінің EBITDA-ға (Таза борыштың қатынасы) қатынасының келесі формула бойынша есептелетін коэффициентін сақтауға міндеттенеді: $NLR = \frac{FD - C}{EBITDA}$ <i>Мұнда NLR – Таза борыштың қатынасы,</i> <i>FD – Эмитенттің қаржылық міндеттемелері,</i> <i>C – ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары,</i> <i>EBITDA – қаржылық міндеттемелер бойынша сыйақылар, салықтар және амортизацияны төлеуге дейінгі кірістер.</i> <i>Эмитенттің ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларын алып тастағандағы қаржылық міндеттемелері сомасының мәні таза қаржылық борыш деп танылады.</i>
Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигациялар ұстаушының әрекет ету тәртібі).	Жоғарыда аталған шектеулердің бірі немесе бірнешеуі орындалмаған жағдайда, Эмитент бұзушылық орын алған күннен бастап, 3(үш) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың өкіліне хабар беру арқылы және а) Эмитенттің (www.kcell.kz) ресми сайтында, «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми сайтында және Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында тиісті хабарландыру жариялау арқылы Облигациялар ұстаушыларды осындай орындалмау туралы хабардар етуге тиіс. Хабарландыруда бұзушылық пайда болу себептері мен Эмитентке орналастырылған облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы талаптар қою рәсімдері жөнінде егжей-тегжейлі ақпарат қамтылу керек. Эмитент ковенанттар бұзушылығын жою бойынша шараларды бұзушылық орын алған күннен бастап, 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде («Кейінге шегеру мерзімі») қолдануға тиіс. Орындамаушылықтар аталған мерзімде жойылмаған жағдайда, облигациялар ұстаушы 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде (Кейінге шегеру мерзімі аяқталған күннен бастап) меншігіндегі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы өтініш беруге құқылы. i. Ұйымдастырылған нарықта «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-да мәміле жасау сәтіне қалыптасқан әділ нарықтық бағамен, немесе ii. Ұйымдастырылмаған нарықта мәміле жасаушы тараптардың келісімі бойынша белгіленген бағамен. Эмитент ұстаушының өтінішін осындай өтініш алған күннен бастап, 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде қарап, облигацияларды өтеуін төлеп сатып алуы туралы шешім қабылдайды. Эмитент өкілетті орган шешім (өтеуін төлеп алудың тәртібі, мерзімдері және шарттары қамтылған) қабылдағаннан кейін, осындай

	шешім шығарылған күннен бастап, 60(алпыс) күн ішінде өтеуін төлеп алу жүзеге асырылады. Эмитент Облигациялар ұстаушыларды осындай шешім қабылданғаны туралы шешім қабылданған күннен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың өкіліне хабар беру арқылы және а) Эмитенттің (www.kcell.kz) сайты; б) «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ (www.kase.kz) сайты; в) Қаржылық есептілік Депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайты сияқты, жариялы қолжетімді интернет ресурстарда ақпарат орналастыру арқылы хабардар етуге тиіс. Облигацияларды өтеуін төлеп алу тек қана облигациялар ұстаушылардың берген өтініштеріне сүйене отырып жүзеге асырылады. Өтініш бермеген Облигациялар ұстаушылар иелігіндегі облигацияларды облигациялардың айналу мерзімі аяқталған соң өтеуге құқылы.
--	--

12 Егер опциондар эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік беретін болса – опцион жасау талаптарын көрсете отырып, опциондар туралы ақпарат.	Бұл шығарылымның облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған.
---	--

13 Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.	Сыйақы төлеу және облигациялардың атаулы құнының сомасын өтеу үшін Эмитент <i>1 Қосымшада</i> көрсетілген негізгі қызметтен қаражат ағынын алуды болжап отыр.
--	---


14 Облигациялар орналастырудан алынған қаражаттарды жұмсау	
1) эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдалану мақсаттары және тәртібі;	Облигациялар шығарудың басты мақсаты – Эмитенттің несиелеу көздерін кеңейту және әртараптандыру, қаржылық міндеттемелердің орташа мерзімін ұлғайту (капиталдың құрылымын және қорландыру құнын оңтайландыру рәсімдерінің шеңберінде), сонымен қатар, айналым қаражатын тарту болып табылады. Облигациялар орналастырудан алынған қаражаттар қолданыстағы қаржылық міндеттемелерді ішінара қайта қаржыландыруға, айналым капиталын толықтыруға, 2G, 3G, LTE желілерін, жабу аймағын кеңейтуге және мобильдік байланыс пен деректер беру қызметтерінің сапасын жақсартуға, сонымен қатар басқа да корпоративтік мақсаттарға жұмсалады.
2) Олар орын алған жағдайда, алынған қаражаттардың жоспарлы бөлінуінде өзгерістер болуы	Облигациялар орналастырудан алынған қаражаттарды бөлу тәртібі өзгерген жағдайда, Эмитент Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған тәртіппен шығару проспектіне өзгерістер/толықтырулар енгізеді.

мүмкін жағдайлар,
осындай өзгерістерді
көрсетумен

Э) инфрақұрылымдық
облигациялар
шығарылған кезде
облигациялар
ұстаушылар өкілінің
қызметіне онымен
жасалған шарттың
талаптарына сәйкес
ақы төлеуге
байланысты
шығыстар
көрсетіледі.

Бұл тармақ қолданылмайды

Қазақарушы директор



Арти Отс

Қосымша 1 Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

Пайдалар мен Залалдар болжамы (Тоқсандық деректер)

	Q4	Q1	Q2	Q3	Q4	Q1	Q2	Q3	Q4	Q1	Q2	Q3	Q4
в млн. тенге	Жоспар 2017	Жоспар 2018	Жоспар 2018	Жоспар 2018	Жоспар 2018	Жоспар 2019	Жоспар 2019	Жоспар 2019	Жоспар 2019	Жоспар 2020	Жоспар 2020	Жоспар 2020	Жоспар 2020
Жалпы түсім	38 000	36 250	37 703	40 408	42 838	37 275	38 728	41 433	43 863	39 100	40 553	43 258	45 688
Өзіндік құны*	-17 000	-16 218	-17 294	-18 372	-19 029	-16 919	-17 995	-18 473	-19 027	-16 778	-17 854	-18 332	-18 886
Жалпы пайда	21 000	20 032	20 409	22 036	23 809	20 356	20 733	22 960	24 836	22 322	22 699	24 926	26 802
Жалпы маржа, %	55,3%	55,3%	54,1%	54,5%	55,6%	54,6%	53,5%	55,4%	56,6%	57,1%	56,0%	57,6%	58,7%
Операциялық шығыстар (ОРЕХ)*	-6 500	-6 465	-6 491	-6 709	-6 737	-7 037	-7 064	-7 282	-7 309	-7 215	-7 241	-7 459	-7 487
Басқа да табыстар мен шығыстар*	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
ЕВИТА*	16 000	14 602	15 187	16 276	17 255	15 190	15 782	16 884	17 874	16 972	17 603	18 777	19 832
Маржа, %	42,0%	40,3%	40,3%	40,3%	40,3%	40,8%	40,8%	40,8%	40,8%	43,4%	43,4%	43,4%	43,4%
Құрделі салымдар (CAPEX)	9 500	5 000	6 000	6 000	7 000	6 000	6 000	6 000	6 000	6 000	6 000	6 000	5 000
Құрделі салымдар, лицензияларды қоспағанда	9 500	5 000	6 000	6 000	7 000	6 000	6 000	6 000	6 000	6 000	6 000	6 000	5 000

* бір жолғы шығындар қоспағанда

Ақша қаражатының қозғалысы болжамы (Тоқсандық деректер)

в млн. тенге	Q4 Жоспар 2017	Q1 Жоспар 2018	Q2 Жоспар 2018	Q3 Жоспар 2018	Q4 Жоспар 2018	Q1 Жоспар 2019	Q2 Жоспар 2019	Q3 Жоспар 2019	Q4 Жоспар 2019	Q1 Жоспар 2020	Q2 Жоспар 2020	Q3 Жоспар 2020	Q4 Жоспар 2020
EBITDA	16 000	14 602	15 187	16 276	17 255	15 190	15 782	16 884	17 874	16 972	17 603	18 777	19 832
Жұмыс капитал бойынша өзгеру	-1790	-1 000	-1000	-1 280	-1200	-710	-900	-1 000	-920	-570	-720	-810	-720
CAPEX	-9500	-5 000	-6000	-6 000	-7000	-6 000	-6000	-6 000	-6000	-6 000	-6000	-6 000	-5000
Дивидендтерді төлеу	0	0	-11760	0	0	0	-15855	0	0	0	-17960	0	0
Пайыздар бойынша шығыстар	-2800	-1343	-3068	-1209	-2780	-756	-2481	-756	-2206	-160	-1885	-160	-1794
Қаржылық міндеттемелер бойынша кіріс	30 000	0	0	0	0	0	0	0	5000				10000
Қаржылық міндеттемелер бойынша өтеу	-34 000	0	0	-7 000	-8000	0	0	0	-25000	0	0	0	-30000
Есептік кезеңнің басындағы міндеттемелер	74 000	70 000	70 000	70 000	63 000	55 000	55 000	55 000	55 000	35 000	35 000	35 000	35 000
Есептік кезеңнің соңындағы міндеттемелер	70 000	70 000	70 000	63 000	55 000	55 000	55 000	55 000	35 000	35 000	35 000	35 000	15 000
Таза ақша ағыны	-2 090	7 259	-6 641	788	-1725	7 723	-9 454	9 128	-11 252	10 242	-8 963	11 807	-7 682
Есептік кезеңнің басындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	14 073	11 983	19 242	12 600	13 388	11 663	19 387	9 932	19 060	7 808	18 050	9 087	20 893
Есептік кезеңнің соңындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	11 983	19 242	12 600	13 388	11 663	19 387	9 932	19 060	7 808	18 050	9 087	20 893	13 211

Бұл құжат облигацияларды өтеу сәтіне дейін әрбір сыйақы төлеу кезеңі ішінде облигациялар бойынша сыйақы төлеу және олардың номиналды құнын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражаттарының қозғалысы және көздері болжамдары туралы ақпаратты қамтиды. Болжамдар Bloomberg ақпараттық-талдамалық жүйесінің талдаушылары кеңсенсұсы шеңберінде берілген ақпаратқа сәйкес көрсетілген. Осы құжат тек қана ақпараттық мақсатта беріледі. Осы құжат инвестиция жасау немесе инвестициядан бас тарту туралы кез келген шешім қабылдау үшін құжатты негіздеме ретінде қолданыла алмайды және эмитенттің немесе қаржы кеңесшісінің тарапынан ресми ұсыныс ретінде қарастырылмауға тиіс. Әрбір инвестор өзінің тәуелсіз бағалауын жасап, инвестиция туралы шешім қабылдауы тиіс.

Проспект первого выпуска облигаций в пределах первой облигационной программы

Акционерного общества «Кселл»

30 000 000 000

(тридцать миллиардов) тенге

АО «Кселл»

Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций (облигационной программы, выпуска облигаций в пределах облигационной программы) уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения облигаций, описанных в проспекте, и не подтверждает достоверность информации, содержащейся в данном документе.

Должностные лица эмитента подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно эмитента и его размещаемых облигаций.

Эмитент, являющийся акционерным обществом, обеспечивает размещение на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности, определенного в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности, информации о корпоративных событиях, годовой финансовой отчетности акционерного общества и аудиторских отчетов, списков аффилированных лиц акционерного общества, а также информации о суммарном размере вознаграждения членов исполнительного органа по итогам года в порядке и сроки, установленные постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 26 «Об утверждении Правил размещения на интернет-ресурсах депозитария финансовой отчетности, фондовой биржи информации о корпоративных событиях, финансовой отчетности и аудиторских отчетов, списков аффилированных лиц акционерных обществ, а также информации о суммарном размере вознаграждения членов исполнительного органа по итогам года», зарегистрированным в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 13438.

